

Ойыл

БЕНЗИН МЕН ТАРИФ БАҒАСЫНА МОРАТОРИЙ ЕНГІЗІЛІП, ИПОТЕКА КӨЛЕМІ ҰЛҒАЯДЫ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ, БАСҚА ДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАР МҮДДЕСІ ҮШІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ РЕТКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.



Президент тапсырмасы бойынша Үкімет макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын барынша азайту бағытында шаралар қабылдап жатыр. Жиын қорытындысы бойынша келесідей шешімдер қабылданды.

Бірінші. Биылғы 16 қазаннан бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі. Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖӨЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Екінші. Биылғы 16 қазаннан бастап барлық тұтынушы тобы үшін коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеру 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін тоқтатылады. Тарифтердің өсуін тежеу табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстарын оңайландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте ТКШ жүйесі нысандарында жоспарланған барлық жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Айта кету керек, ха-

лықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғын үй көмегін көрсету тетігі қолданылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайту арқылы тұрақтандыру қорларының жұмысына қосымша серпін беріледі, бұл өз кезегінде ӘМАТ санатына жататын өнімдер бағасының төмендеуіне әкеледі.

Үшінші. Жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды. Тыйым салынған тізімде, қолданыстағы заңнамадағыдай, тек 44 қызмет түрі сақталады.

Одан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық әкімшілендіру «таза парактан» жүргізіледі, бұл микро және шағын бизнеске қатысты келесі жайттарды көздейді: — салықтық тексерулер алы-

нып тасталады; — камералдық бақылау алынып тасталады; — сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады; — сот органдарына тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады.

Салықтар мен төлемдер бойынша салынған өсімпұлдар мен айыппұлдар 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады. ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ салық төлеушілер үшін салық және әділет органдарында камералдық және салықтық тексерулер жүргізбей-ақ, оңайлатылған тәртіппен есептен шығару науқаны өткізіледі.

Бұл жаңа Салық кодексын кезең-кезеңімен енгізуге және салық төлеушілер үшін салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік береді

Төртінші. Базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, халық үшін

ипотекалық несие көлемі екі есе ұлғаяды, бұл тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған шара қолданыстағы «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы несиелеу көлемін 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту жолымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар сұранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады, ол жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына жаңа үйден бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Құрылыс компанияларымен осы бағдарламалар шеңберінде салынатын тұрғын үй құрылысы бойынша офтейк-келісімшарттар жасалады. Бұл ретте құрылыс салушылар үш жылға бағаны өзертпей ұстап тұру бойынша қарсы міндеттемелер қабылдайды.

Бесінші. Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады.

Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Одан бөлек, «Бәйтерек» холдингіне қысқа мерзімде шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шаралары бойынша ұсыныстар беру тапсырылды. Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет жүргізіп отырған реформалар еліміздің ұзақмерзімді тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге, экономикада базалық нарық қағидаттарын терең орнықтыруға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте Үкімет экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, Мемлекет басшысының әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру қажеттігі туралы нұсқауларын қатаң ұстанады. Айта кетелік Президент Бектеновке Үкіметтің экономикалық бағдарламасын іске асыруға қатысты тапсырма берген еді.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ! ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл күн - қазақ жұрты үшін ерекше ардақ тұтар мерейлі мереке. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен 1990 жылы қазан айының 25-і күні «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл сол кезеңдегі еліміздің егемендігі үшін жасалған алғашқы қадам болды.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күні мәртебесін қайта қалпына келтіруді ұсынған-ды. Сөйтіп араға 13 жыл салып қайта жаңғырған Ұлттық мереке ретінде аталып келеді.

Республика күні – тәуелсіздігіміздің жаршысы, оған жол ашқан тарихи оқиғаны айғақтаушы күн. Сондықтан да біз үшін бұл мереке егемен ел болып ірге қалауымыздың белгісіне айналған тарихи күнді, ұлттық рухымыздың қайта түлеген сәтін еске салатын ерекше сипатқа ие.

Елдің даму көшінде ойылдықтардың да өзіндік орны бар. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңіріміздің экономикасы да дамып келеді. Әр салада жаңашыл бастамалар мен игілікті істер жүйелі жалғасын табуда.

Сіздерді Ұлттық мерекемізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, халқымызға береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз мәңгі болсын!

ҚАДІРЛІ ОЙЫЛДЫҚТАР!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Ізгі ниетпен, Ойыл аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

3 МЫҢҒА ЖУЫҚ АУЫЛ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛАДЫ

2027 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ ТАҒЫ 2 689 АУЫЛДЫ ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. ҚОСЫМША 504 ШАЛҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДІ СПУТНИКТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЖЕЛІГЕ ҚОСУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.



Бүгінгі таңда Қазақстанның 6 179 елді мекенінің 119 қаласы мен 4 906 ауылы байланыспен қамтамасыз етілген, оның 2 724-і 3G технологиясы бойынша, ал 2 182-і 4G бойынша қосылған. Интернетке тіркелген қолжетімділік 1 902 ауылда (ADSL) және 2 654 ауылда (ТОБЖ) бар.

— 2027 жылдың соңына қарай тағы 2 689 ауылды жоғары жылдамдықты интернетке қосу жоспарланып отыр. Қосымша 504 шалғай елді мекенді спутниктік технологияларды пайдалана отырып желіге қосу жоспарланып отыр. Оның 176-сы KazSat арқылы байланыспен қамта-

масыз етілген, ал 2025 жылдың соңына дейін тағы 328 ауыл OneWeb арқылы қосылатын болады.

2025 жылғы маусымда Starlink-пен келісімге қол қойылды, ол осы жылдың 13 тамызынан бастап Қазақстанда ресми түрде қызмет көрсете бастады. Бүгінгі таңда Starlink спутниктік интернеті 1,7 мыңнан астам ауылдық мектептерде жұмыс істейді, — делінген Үкімет хабарламасында. Жалпы, 2025-2027 жылдары 3 мыңнан астам ауылдық елді мекен жоғары жылдамдықты интернетке қосылатын болады.

kaz.inform.kz

ЖАҢА МІНДЕТТІҢ ЖҮГІ МЕН ЖЕМІСІ

ӨТКЕН АПТАДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДИНАРА ДОСТАНОВА БАСТАҒАН АҚПАРАТТЫҚ НАСИХАТТЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІ КЕЛІП, АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН, ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН ЖӘНЕ ОЙЫЛ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІНІҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауының негізгі басымдықтарын насихаттау және халыққа түсіндіру мақсатында келген топ алдымен "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында ауыл тұрғындарымен және мәдениет саласының қызметкерлерімен кездесті.

Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жиынға қатысушыларға келген ақпараттық-насихаттық топ мүшелерін таныстырғаннан кейін, еліміздің алдағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз ететін құжат ретіндегі мемлекет басшысының Жолдауының маңызына, оны жүзеге асыру мақсатында жоспарланып отырған ірі істерге тоқталды.

Алғашқы лекте сөз алған топ



мүшесі, еңбек ардагері Нұрхан Ақниязов мемлекет басшысының биылғы Жолдауындағы басым бағыттарға көбірек тоқталып, өзінің өмір тәжірибесінен деректермен түсіндірсе, "Ақтөбе облысы бойынша Еңбек мобилдігі орталығының" маманы Айнұр Серікова ауыл тұрғындарына

жұмыспен қамту саласындағы жаңалықтарды жеткізді. Кейбір бағдарламалардың ерекшеліктерін түсіндірді. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов мемлекет басшысының Жолдауында айтылған ауылшаруашылығы мен кәсіп-

керлік саласына қатысты айтылған мәселелерді жүзеге асыру мен оларға көрсетілетін қолдау туралы кеңінен тоқталды.

Ал, Ойыл кәсіптік колледжінің студенттерімен кездесуде жастардың еңбекке ұмтылуы, соның ішінде уақыт көшіне ілеу үшін жасанды интеллектті игеру қажеттігін өмірдегі нақты мысалдармен түсіндірді.

Одан кейін топ мүшелері аудан әкімдігінде мемлекеттік қызметкерлермен және аудандық аурухананың еңбек ұжымымен кездесті.

Ойыл ауданына сапарының соңында Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округке қарасты Құмжарған ауылының желіге қосу жоспарланып отыр. Оның 176-сы KazSat арқылы байланыспен қамта-

САҮЛАУ-2025

СЫРЫМҒА СЕНІМ БІЛДІРСЕК...

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі туған жастар да еліміздің дамуына өз үлестерін қоса бастады. Солардың бірі – Сырым Айтқалиев та оң-солын таныған азамат, жасынан қатарының алды болып, жақсы атымен көрініп келе жатқанына жақын-туыстары да, дос-жарандары да қуанады. Сондықтан, туған ауылының болашағына бейжай қарамайтын жігіт бүгінгі күнге дейін жиған тәжірибесіне сүйеніп, Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына өз кандидатурасын ұсынып отыр.

Тіршілігінің тірегі тікелей мал шаруашылығымен байланысты ауданның тынысы Сырымға жасынан таныс. Оның өмірлік қағидасы, ұстанымы десек жөн болар. Қандай шаруаны да әріден ойлайтын байыпты, істі білетін, білгендіктен табандылық танытып, айтқанын орындай алатын азамат.

Ат жалын тартып мінгеннен ауылдың шаруасына қанық жігіт алдымен Ойыл аграрлық колледжінен ветеринария мамандығын алып шықты. 2019 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін техник-ветеринар мамандығы бойынша тәмәмдады. 2016 жылдан бастап «Сырым» шаруа қожалығының басшысы.

Ол өз бағдарламасында ауылдағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін цехтар ашып, ауыл шаруашылық техникаларын жаңартуға, елді мекендердегі жайылымдық жерлердің мәселелерін шешуге, жол қатынас жүйелерінің тұрақты үздіксіз жұмыс істеуіне көңіл бөлуге, ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсартуға шаруа қожалықтарына лизингтік жүйемен техникалар алуына көмек беріп, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің отырған далалық жерлерінде инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал етуді көздейді.

Халық сыншы, тарих таразы екені рас. «Туған жерге туын тіккен» мойнына алған міндетті мейлінше адал атқаратын азаматты қолдау бізге сын!

«Болам деген жігіттің жолын кеспе, бөлін бу!» демекші, Сырымның бағдарламасында көрсеткен, көкейдегі ойларын жүзеге асыруға сеп болайық, ағайын!

Сұлтан РҮСТЕМ,
кандидаттың сенімді өкілі.

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.

САҮЛАУ-2025

МҰСТАФАНЫҢ МАҚСАТЫ – АУЫЛЫНЫҢ ЕРТЕҢІ!

«ӨРКІМНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ – МЫСЫР ШАҒАРЫ» ДЕНГЕНДЕЙ, МҰСТАФА ҮШІН ДЕ ТУЫП-ӨСКЕН ӨҢІРІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ОНЫҢ ҮСТІНЕН ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯСЫ «АМАНАТ» АРАМЫЗДАН МҰСТАФА БИСЕМБАЕВҚА СЕНІМ АРТЫП, САЯСИ ДОДАҒА САЛЫП ОТЫР.

Жастарға «Жаны жақсы ағаның, Етегін баспа, жолын қу» - десе, үлкенге «Болайын деген баланың, Бетін қақпа, бөлін бу» деген біздің бабалар неткен көреген? Әлемге мейіріммен қарасаң, ол да саған мейіріммен қарайды деген қағидаға сүйеніп,болашақта Қазақстанды ең көркем, дамыған елдер қатарына қосатын жастар! Ол үшін алдымен шағын ауылды көркейтуден бастауымыз керек.

Туған жерінің түтінін түзетуге ұмтылған Мұстафа замандасымыздың кандидатурасын «Аманат» партиясы аудандық мәслихаттың депутаттағына ұсынып отыр. Сондықтан, ауылдастарыма көз алдарында өскен өз балаларыңызды қолдаңыздар дегім келеді. Қараойда туып, осындағы мектепті бітірген соң, 2008-2012 жылдары М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде тарих мамандығын және 2017 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінде оқып, құқық негіздері мамандығымен тәмамдап шықты.

2012-2013 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласындағы №10810 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеді. 2014-2017 жылы Астана қаласы №2014 әскери бөлімінде келісім-шарт негізінде «Бақылаушы» лауазымында қызмет етті. 2022 жылы Қараой мектеп- балабақшасында физика зертханашысы, 2023 жылдың қазан айынан бастап тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Туған өлкесінің тарихын жақсы білетін жігіт жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысқа араласқаннан бері жас болса да, туған жерін түлетуге ауылының патриоты ретінде тұрғындарды толғандырып жүрген мәселелердің шешілуіне белсене араласып келеді.

«Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Әділетті Қазақстанды құруда, қайырымды қоғамды қалыптастыруда осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кімкімге де сын болатынын жақсы сеземін» - деген жігіт халықтың көкейіндегі басты проблемалары да жақсы біледі. Сондықтан, 2027 жылға дейін Қараой елді-мекенін орталықтандырылған газбен қамтамасыз етілуіне, Ойыл-Қараой бағытындағы автомобиль жолын сапалы, әрі мерзімді жөнделуіне ықпал етуді көздейді.

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын!» - деген қанатты сөз бар. Сондықтан, елі үшін қызмет етемін деген Мұстафаны бірауыздан қолдап, дауыс берейік!

Мейрамбек ХАМЗА,
кандидаттың сенімді өкілі.

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.

САҮЛАУ-2025

ЖАНДАУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Қазіргі жастар креативті, жаңа идеялар ойлап табуға қабілетті, жаңа ғасыр талабы — технологияларды жетік меңгерген. Жаңа Қазақстанды құруда жастардың рөлі үлкен. Жас ұрпақтың қолынан барлығы келетініне мен нық сенемін. Бүгінгі буынның бір өкілі Жандау Сәуірбай да аудандық мәслихаттың депутаттығына өз кандидатурасын ұсынып отыр.

Ал, ауылдастарының барлық бейнеті көз алдында өтіп жатқан Жандау үшін депутаттық мандат ауылдастарының тұрмысын жақсартуға ықпал ететін тетік. Сондықтан да сайлауалды бағдарламасында негізінен елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егілуіне ықпал етіп, адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстау, бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты өмір салтын» ұстанатын азаматтардың қатарын көбейту, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал етуге бағытталып отыр. «Депутат - аманат жүгін арқалаған азамат. Сол себепті халықтың сеніміне ие болған жағдайда, тұрғындардың өздерінің толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін шешу жолында қажетті шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын» - дейді. Көз алдарында өскен жігіт Қараой мектебін бітіргеннен кейін Орал қаласындағы Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық колледжін ветеринария мамандығы бойынша тәмамдады. 2022 жылдан бастап «Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы» КММ ветеринарлық дәрігер болып қызмет атқарып келеді.

Ауылда мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асуына ықпал ете отырып, ауылға табиғи газ тарту, автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстарын жеделдетуді ұдайы назарда ұстап, тұрғындардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін үнемі назарда ұстау және олардың оң шешілуіне жұмыс жасауды көздеп отыр. Сондықтан, алға қойған мақсаты анық жігітті қолдау азаматтық парызымыз!

Данияр ДАУЫЛБАЕВ,
кандидаттың сенімді өкілі.

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.

ҚАҮІПСІЗ ПАЙДАЛАНУСАҢ, ИГІЛІГІҢ КӨРЕСІҢ! ПОЛЬЗУЯСЬ БЛАГОМ, НЕ ЗАБЫВАЙ О БЕЗОПАСНОСТИ!

Таяуда Ақтөбеде орын алған 3 адамның қазасы газ жабдығын қауіпсіз пайдаланудың қаншалықты маңызы зор екенін еске салды. Жанға жайлылық, үйге жылу сыйлайтын көгілдір отынды қолдану барысында қажетті құрал-қондырғылар мен түтін мұржасын, желдеткішті үнемі тексеріп отырған абзал. Ал сәл бір күдік туып, газдың иісі сезілсе 5-104 нөміріне қоңырау шалу керек.

Тұрмыстық газды пайдаланумен байланысты жазатайым оқиғалардың басты себебі - түтін мұржаларының жеткіліксіз жұмыс істеуі. Бұл жайт газ жабдықтарын пайдалану кезінде ескеру қажет негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Мұржаларды тұрақты тазалап отырмау және техникалық қызмет көрсетуге немқұрайлы қарау үлкен қауіп болып табылады. Сонымен қатар, көптеген мұржалар қауіпсіздік талаптары мен құрылыс нормаларына сәйкес келмейді. Бұл тұтынушыларға қосымша қатер төндіреді.

Улану мен жарылыстардың едәуір бөлігі жылыту құрылғыларын пайдалану кезінде тұтынушылардың салғырттық танытуына байланысты болып отыр.

Тұтынушылар оларды өз бетінше қосады немесе орнын ауыстырады, сондай-ақ күмәнді немесе қолдан істелген газ жабдықтарын қолданады. Техникалық қызмет көрсету мен қауіпсіздік ережелерін сақтау әрбір тұтынушы үшін басымдық болуы қажет.

Осы орайда халықты газбен үздіксіз қамтамасыз етуді басты мақсаты санайтын «QazaqGaz Aımaq» АҚ тұтынушыларды газды пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға, әсіресе газ құрылғыларын пайдалану кезінде аса сақ және мұқият болуға шақырады және осы бағыттағы ағарту жұмысын жан-жақты жүргізіп келеді. Компания өңірлердегі жергілікті телеарналардан газды қауіпсіз пайдалану ережелерімен танысуға мүмкіндік беретін бейнероликтерді көрсетуде.

Телеарналардан шығатын бұл роликтер, сондай-ақ әлеуметтік нысандар, аурухана мен емхана, сауда орталықтары, ХҚКО, көшедегі автобустардағы мониторлардан да көрсетіледі. Сондай-ақ, жергілікті телеарналарда күнделікті өмірде газды пайдалану кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын үнемі еске салатын жүргізе жол орналастырылады. Бұл халықты хабардар етудің тағы бір жолы.

Сонымен қатар, халықтың басын қосып, жиындар өткізіліп, онда жылу беру кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары таныстырылуда. Тұрғындарға жылыту пештерін мен жылыту аспаптарын дұрыс пайдалану бойынша жадинамалар таратылады.

«QazaqGaz Aımaq» компаниясының тағы бір бастамасын атап өту маңызды. Оған сәйкес, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі компанияның «112» нөмірі бойынша мәтіндік хабарламалар жіберу жөніндегі бастамасын қолдады. Осылайша, барлық өңірде «112» бірыңғай диспетчерлік қызметінен табиғи газды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша азаматтардың ұялы телефондарына SMS-хабарлама жіберілуіде. Компания қызметкерлері оқу орындары мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарда табиғи газды қауіпсіз пайдалану бойынша дәрістер өткізуде.

Бұл іс-шаралар балалар мен ересектерге газды дұрыс пайдалану мен қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын білуді үйретуге бағытталған. Дәрістер үйдегі газ құрылғыларын қауіпсіз пайдалану негіздерінен бастап газдың ауаға тарауы мен одан туындайтын өрттің алдын алу қағидаларына дейінгі тақырыптардың кең ауқымын қамтиды.

Дәріс өткізуші компания филиалдарының мамандары өз білімдері мен тәжірибелерімен бөлісіп, газды пайдалануға жауапкершілікпен қарауды үйретеді. Өңірлерде Төтенше жағдай депар-

таменттері мамандарымен бірлесіп жоспарлы негізде тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану қағидаларын сақтау бойынша рейдтер жүргізілуде. Бұл іс-шаралар қауіпсіздік стандарттарының сақталуын бақылау мен қадағалауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, өндірістік филиалдардың қызметкерлері алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйренуде. Бұл қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Өйткені бұл қызметкерлер төтенше жағдай орын ала қалса, алғашқылардың бірі болып көмекке келеді.

Компания Instagram және Facebook, Telegram сияқты әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланатын жастарды да табиғи газды қауіпсіз пайдалану тақырыбымен үнемі таныстырып отыр. Әлеуметтік желіде қоғамды қауіпсіздік ережелеріне үйрететін ақпараттық хабарламалар мен бейнероликтер үнемі жарияланады. Әлеуметтік медианы насихаттау маңызды хабарламаларды кең аудиторияға жеткізуге көмектеседі және газ қауіпсіздігі туралы ақпарат алатын тұтынушылар санын арттырады.

Бұдан басқа, тұтынушылар газды пайдаланған кезде жазатайым оқиғаларға жол бермеу мәселелерін талқылау мақсатында газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді орындайтын мердігер ұйымдармен кеңестер өткізіледі. Бірлескен күш-жігер газ жүйелерінің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Осылайша, «QazaqGaz Aımaq» АҚ азаматтардың табиғи газды пайдалануда қауіпсіздік ережелерін сақтауы үшін жан-жақты ақпараттық жұмыстарды тоқтаусыз жүргізіп келеді. Бұл іс-шаралар қауіпсіздік мәселесінің маңыздылығын көрсетеді. Газ қызметкерлері барлық азаматтарды 2025-2026 жылдардағы жылыту кезеңін қауіпсіз және жайлы өткізу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырады. Өйткені, бірлескен күш-жігер арқылы ғана қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Недавний трагический случай в Актобе, где в результате утечки газа погибли три человека, напомнил о важности безопасной эксплуатации газового оборудования. Голубое топливо приносит в дом тепло и комфорт, но требует внимательного и ответственного подхода. Необходимо регулярно проверять исправность приборов, состояние дымоходов и вентиляции. При малейшем подозрении на утечку газа следует немедленно звонить по номеру 5-104.

Основная причина несчастных случаев — отсутствие или недостаточная тяга в дымоходах. Это один из ключевых факторов, который необходимо учитывать при эксплуатации газового оборудования.

Несвоевременная чистка и отсутствие технического обслуживания дымоходов существенно повышают риски.

Также многие дымоходы не соответствуют строительным и техническим нормам, что представляет дополнительную опасность.

Большинство случаев отравления и взрывов происходит из-за халатности самих потребителей. Самовольное подключение, перенос оборудования, использование несертифицированных или кустарных приборов — всё это ставит под угрозу жизни. Ответственность, регулярное техобслуживание и соблюдение норм безопасности должны стать приоритетом каждого пользователя газа.

В связи с этим АО «QazaqGaz Aımaq», главной целью которого является бесперебойное обеспечение населения газом, призывает потребителей строго соблюдать правила безопасности при использовании газа, быть особенно осторожными и внимательными при эксплуатации газовых устройств, и проводить всестороннюю просветительскую работу в этом направлении. Компания транслирует видеоролики с местных телеканалов в регионах, позволяющие ознакомиться с правилами безопасной эксплуатации газа. Эти ролики, выходящие на телекана-

лы, также передаются с мониторов в социальных объектах, больницах и поликлиниках, торговых центрах, ЦОНах, уличных автобусах.

Также на местных телеканалах размещена бегущая строка, которая регулярно напоминает о мерах предотвращения несчастных случаев при использовании газа в быту. Это дополнительное средство информирования, которое повышает осведомленность населения.

Кроме того с целью повышения осведомленности населения проводятся сходы, на которых обсуждаются меры безопасности в отопительный период. Граждане получают памятки, в которых содержатся рекомендации по правильной эксплуатации отопительных печей и обогревательных приборов, а также меры пожарной безопасности.

Важно отметить, что Министерство по чрезвычайным ситуациям РК поддерживает инициативу АО «QazaqGaz Aımaq» по рассылке текстовых сообщений по номеру «112». Так, во всех регионах из Единой диспетчерской службы «112» отправляются SMS-сообщения на мобильные телефоны граждан по соблюдению мер безопасности при использовании природного газа.

Сотрудниками Компании активно проводятся лекции по безопасному использованию газа в быту как в учебных заведениях, так и на коммунально-бытовых предприятиях. Эти мероприятия направлены на то, чтобы научить детей и взрослых правильно обращаться с газом и осознавать важность соблюдения правил безопасности.

Лекции охватывают широкий спектр тем, начиная от основ безопасной эксплуатации газовых приборов в доме до принципов предотвращения утечек и пожаров, связанных с газом. Эксперты делятся своими знаниями и опытом с участниками, обучая их правильным практикам и ответственному отношению к использованию газа. Совместно с ДЧС регионов на пла-

новой основе проводятся рейды по соблюдению правил безопасного использования газа в быту. Эти мероприятия способствуют контролю и надзору за соблюдением стандартов безопасности.

Вместе с тем сотрудники производственных филиалов проходят обучение навыкам оказания первой медицинской помощи. Это дополнительное обеспечение безопасности, так как обученные сотрудники могут быстро реагировать на возможные чрезвычайные ситуации.

Компания активно привлекает молодежь и активных пользователей социальных сетей к теме безопасного использования природного газа в быту через платформы Instagram, Telegram и Facebook. На них регулярно публикуются информативные посты и видеоролики, которые обучают общественность правилам безопасности. Продвижение в социальных сетях помогает донести важные сообщения до широкой аудитории и обеспечивает информирование потребителей по вопросам безопасности газа.

Кроме того проводятся на регулярной основе совещания с подрядными организациями, выполняющими техническое обслуживание газового оборудования (ТО ВДГО), с целью обсуждения вопросов недопущения несчастных случаев при использовании газа потребителями. Совместные усилия способствуют повышению безопасности газовых систем.

Таким образом, АО «QazaqGaz Aımaq» непрерывно проводит комплексную информационную работу по соблюдению гражданами правил безопасности при использовании природного газа. Эти мероприятия подчеркивают важность проблемы безопасности.

Газовики призывают всех граждан соблюдать правила безопасности для безопасного и комфортного проведения отопительного периода 2025-2026 годов. Ведь только совместными усилиями возможно обеспечить безопасность общества.

«ОҚЫРМАН ЖОБАЛАРЫ МЕН КІТАПХАНАНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ»

«Озық ойлы жастардың қоғам өміріне белсене араласуы, білімпаздығы, еңбек етуге және өзін-өзі дамытуға құштарлығы қуантады. Өйткені еліміздің бүгінгі де, ертені де – Сіздер. Отанымыздың тағдыры белгілі бір дәрежеде жас буынның күш-қуатына, ой-пікіріне, білім-білігіне, табандылығы мен патриоттық қасиеттеріне байланысты. Мемлекет өскелең ұрпаққа тиісті жағдай жасайды».
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың үндеуінде

Жастар – қай заманда қай елде болсын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Еліміздегі жас буын өкілдері мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырады. Олардың жаңа белестерге деген ұмтылысы жаңа идеялардың туындауына себепші болады. Ал жаңа идея қазақ елінің жаңаруына, «Мәңгілік ел» болуына жол сілтейді. Жастар – қашанда белсенді буын өкілдері. Елімізде жастардың білімді, қабілетті болуына әрдайым үлкен мән беріліп келеді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей болашағын ойлаған мемлекет бүгінгі жастарының жағдайын тасада қалдырмаса керек. Егемен елдің жастары баянды болашақтың байрағын көтеріп, жарқын келешектің желкенін көріп келеді. «Мен жастарға сенемін!» деп үкілі үміт пен сенім артқан Мағжанның жауап жырына арқау болған ел ертені жастар қашанда елдің ертені үшін аянбақ емес. Осындай жалындаған ұшқыр идеялы жастарды көпшілікке таныстыру, олардың жетістіктерін насихаттау мақсатында Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен облыстық өнер музейінде «Идеядан нәтижеге: жобамен бөліс» атты кітап көрмесінің тұсаукесері өтті. Көрме заманауи технологиялар әлеміне қызығушылық танытатын жастарға арналып, олардың жаңа мүмкіндіктерге жол табуына бағыт береді. Мұнда жасанды интеллект, жаңа технологиялар, 3D модельдеу, анимация туралы әдебиеттермен қатар, жастардың стартап жобалары ұсынылды және жастардың жобалары, жасаған роботтары, мобильдік қосымшалары, үстел ойындары, сондай-ақ көлөнер бұйымдары мен суретшілердің туындылары қойылды. Кітап көрмесінің негізгі мақсаты заманға сәйкес еркін форматта жұмыс істейтін креативті кітапхана ретінде өңірдің мәдени және шығармашылық өмірін дамытуға жаңа серпін беріп, жастардың кәсібі жолында табысқа жетуіне қажетті дағдылар мен білімін жетілдіруге, шығармашылық және инновациялық жобаларына қолдау білдіру, идеяларды іске асыру жолдарын көрсету, олардың зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ету, креативті ой мен практикалық дағдыны ұштастыра отырып, жас буынды шабыттандыру. Кітап қоры арқылы кітапхана пайдаланушыларының жобалық ойлау қабілетін арттыру, жанашылдыққа ұмтылысына бағыт беру, сонымен қатар түрлі саладағы табысты жобаларын дамыту көзделеді. Көрме аясында жастар өздерінің мобильді қосымшаларын, жасөспірімдерге арналған пайдалы ойындарын таныстырып, жетістікке жету жолында кітапхананың ақпараттық ресурстарын тиімді пайдаланғандарын көрсете

алады. Сонымен қатар, осындай жобаларды жүзеге асырып жүрген талантты жастарды көпшілікке таныстыру, олардың жетістіктерін насихаттау көзделіп отыр. Енді кітап көрмесінің құрылымына тоқталар болсам кітап көрмесі кіріспе бөлімнен басталып, негізгі 4 бөлімнен құралып, қорытынды бөліммен аяқталатындай етіп жасалды. Кіріспе бөлім – «Кітаптан идея, идеядан нәтиже» Бұл бөлімде көрменің мақсаты, маңыздылығы және жастардың идеялары мен жетістіктерін дамытудағы кітапхананың рөлі туралы ақпарат берілді. Көрмеге шолу жасайтын аннотация мен мотивациялық дәйексөздер орналастырылды. Бірінші бөлім, «Заманауи білім – табысты жоба негізі» Бұл бөлімде стартап, жасанды интеллект, жаңа технология, бизнес салалары бойынша кітаптар қойылды. Соның бірі америкалық кәсіпкер, блогер Эрик Ристің Тиімді стартап деп аталатын кітабына тоқталдым. Бұл кітапта бизнесті қалай нөлден бастауға болады сол жайлы айтылады, яғни қандай да бір кәсіп кішкентай идеядан пайда болатынын, сол идеядан кәсіп жасап, оны қалай үлкен деңгейге көтеруге болады, қалай бизнесте құламауға болады егжей-тегжейді осы кітапта баяндап береді. Еліміздің Президенті Қ.Қ.Тоқаев өзінің кезекті жолдауында жасанды интеллектке ерекше тоқталып өткен болатын «Жасанды интеллектің жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық салаларының әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс» деген болатын. Осы орайда Клифорт Пиквердің Искусственный интеллект деп аталатын орыс тіліндегі кітапта осы жасанды интеллектті қалай пайда болғаны, оны адамзат қалай жасады, жсанды интеллект біздің өмірімізге қалай келді, оның пайдасы қандай зияны қандай деген тақырыптарды аша отырып толық ақпарат береді. Екінші бөлім, «Шығармашылық пен өнер әлемі» Бұл бөлімде мотивациялық кітаптармен қатар өнерге оның ішінде сурет салу, бейнелеу өнері, кино салаларына және 3D модельдеу, анимация тақырыптарына арналған кітаптар қойылды. Соның ішінде «Инноватор бол» кітабы жайлы айтар болсам дүниежүзіндегі миллиардтаған адамның тірлігін түбегейлі өзгертіп жатқан таңғажайып израильдік инновациялар туралы сыр шертетін очерктерден құралған. Израильде тұратын түрлі дінді ұстанатын өнертапқыштар әлемді жақсырақ ете түсуге нәтиже ұмтылатынын сөз қылады. Израильде адамды таңғалдыратын өнертабыстардың бөріне ортақ ұмтылыс – адамды ажалдан арашалау және асқақ мақсаттарға қол созу ниеті біріктіріп отыр. Әлемнің бөрінен қараңғы бөлігінде бұл хикаялар – жарық сәуле болып табылады. Бейнелеу өнеріне арналған кітаптардан оқырман жалпы сурет өнері жайлы, суретті қалай салу керек, түстерді қалай сәйкестендіреді, адамның дене бітімін қалай оңай салуға болады деген сияқты сұрақтарға жауап ала алады. Қазіргі таңда біздің елдің анимация саласы әдемі дамып келеді. Тіпті осы бағытта біздің кітапханамызда 3D модельдеу яғни мультфильмнің кейіпкерлерін, ойындардың кейіпкерлерін жасау курсы өз

жұмысын жасауда. Осы тұрғыда біздің оқырмандар осы 3D модельдеу, анимация салаларына арналған кітаптарды қолдана алады. Бұл кітаптарда кейіпкерді сан қырынан бейнелеп, олардың қимылдарын жасау жолдарымен танысып үйренуге болады. Қазақтың белгілі қаламгері Ғ.Мүсіреповтің «Өнер мен әдебиет халықтың жаны. Оларсыз елдің рухы өшеді» деген сөзі бар. Өнер мен әдебиетті бірге қамтып, ел болашағын бірге қалыптастырайық. Үшінші бөлім, «Жастар жобалары – табысты тәжірибелер» Бұл бөлімде кітапханамыздың белсенді оқырмандары туралы ақпараттар мен деректер қойылған. Осындай оқырмандардың бірі мобильді қосымша ойлап тапса, бірі біздің ағылшын тіліндегі кітаптарымызды пайдалана отырып кітапханамызда ағылшын тілінен жасөспірімдерге тегін ағылшын курсын үйретіп жүр. «JAQYN» деп аталатын мобильді қосымшаны ойлап тапқан Нұрлан-Сұлтан Бейбарыс болса, ағылшын тілінің курсын тегін өткізіп жүрген ол «Boston english hub» орталығының жетекшісі Мағжан Жұмаев болып табылады. Сонымен қатар «ALMAZ.GAMES SCHOOL» 3D модельдеу мектеп-студиясының жетекшісі Алмаз Елеуов кітапханамыздың қорында бар ойындарды жасауға арналған, 3D модельдеуге арналған кітаптарды пайдалана отырып «Көз тартатын қазына» деп аталатын үстел ойынын ойлап тапты. Қазіргі таңда сол ойыны арқылы табыс тауып отыр. Төртінші бөлім, «БАҚ және журналдар – идеялар бастауы» Бұл бөлімде қазақ, орыс тілдеріндегі газет-журналдар қойылды. Отандық басылымдар, ЖИ, стартаптар мен инновациялар туралы мақалалар, жастардың жетістіктері туралы жарияланған материалдар жинақталды. Қорытынды бөлім «Идеямен бөліс» иллюстрациялық бұрышы Көрменің қорытынды бөлімінде «Өз идеямен бөліс» деп аталатын иллюстрациялық тақта орнатылды. Бұнда оқырмандар өздерінің жылы лебіздерін, креативті ойларын, пікірлерін жазып қалдырды. Көрмедегі әр бөлімнің мәнін, мазмұнын ашу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Үкімет цифрландыру мен жасанды интелекті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интелект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын», Ғабит Мүсіреповтің «Өнер мен әдебиет – халықтың жаны. Оларсыз елдің рухы өшеді» және Ахмет Байтұрсынұовтың «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген нақыл сөздері қойылды. Кітап көрмесінің тұсаукесеріне кітапхана жанындағы "Startup & Speaking", «Жастар толқыны», «Муфаса» студенттер театры, «Де лямур» қыздар клубы, т.б. кітапхана оқырмандарынан құралған клубтардың жетекшілері мен мүшелері, суретшілер, мүсіншілер, белсенді өмір сүру орталығының өкілдері шақырылады. Сонымен қатар zhiyenbaev_kitaphanasu instagram парақшасына салынған афиша жарнамасы арқылы көрмеге 50-ден астам адам қатысты. Көрменің тұсаукесерінен кейін кітапханамызға 20-ға жуық жаңа оқырман тіркелді. Шараға соңында қатысушылар бірауыздан көрме пайдалы

болғанын айтты. «Идеядан нәтижеге: жобамен бөліс» кітап көрмесі жастардың шығармашылық және жобалық қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды танымдық алаң болды. Көрмеге қойылған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі заманауи кітаптар мен мерзімді басылымдар білім алушыларға жаңа идеялар іздеуге, жобаларын жетілдіруге және практикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Көрменің оқырмандарымызға тиімділігі жастардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға ықпал етеді, кітапхана қорындағы ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады, кәсіби бағыт-бағдарын анықтауға көмектеседі (бизнес, IT, өнер және т.б. салаларда), ізденіспен зерттеуге ынталандырып, өз бетінше жұмыс жасау машығын дамытады, жаңа идеялар мен бастамалардың тууына себеп болады. Бұл көрме – жастардың өз идеяларын нәтижеге жеткізіп қана қоймай, кітап оқу арқылы білім мен шығармашылықтың тоғысын паш ететін игі бастама болды. Әрбір үлкен жетістік кішкентай идеядан басталады. Бір сәттік ой, күнделікті өмірдегі мәселені шешуге деген талпыныс, не болмаса адамзатқа пайдалы болсам деген ниет – бұлардың бәрі жобалық ойлаудың бастауы. Қазіргі таңда қоғамда шығармашыл, жаңашыл әрі белсенді жастардың саны артып келе жатқаны қуантады. Олар өздерінің тың идеяларын жобаларға айналдырып, нақты нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Бүгінде оқушылар мен студенттер үшін түрлі деңгейдегі байқаулар мен форумдар ұйымдастырылып келеді. Бұл – өз жобаның көпшілікке таныстырып, сыннан өткізуге таптырмас мүмкіндік. Жоба қорғау – тек нәтиже көрсету емес, сонымен қатар пікір алмасу, тәжірибе жинау, жаңа серіктестер табу деген сөз. Әсіресе, өз жобасын қоғам игілігіне ұсынған жастар өзгелерге де шабыт сыйлайды. «Идеядан нәтижеге» деген жол – оңай емес, бірақ ол әрқашан даму мен жетістікке апарады. Сенің ойың – бір күнде жүзеге асатын нәтиже болмауы мүмкін. Бірақ сеніммен және табандылықпен еңбек етсең, ол ертенгі үлкен жобаның негізі болмақ. Ендеше, жоба жасаудан қорықпа, өз ойыңмен бөліс, себебі сенің идеяң – болашақтың бастамасы болуы мүмкін. Алайда идеяның шынайы құндылығы – оны жүзеге асыруда. Меніңше, адамның шынайы дарыны – тек ойлап табуда емес, сол ойды нақты әрекетке айналдыра білуінде. Күн сайын мыңдаған адамдардың басында түрлі идеялар пайда болады. Бірақ олардың көпшілігі қағаз бетіне түспей, санада ұмыт болып кетеді. Нәліктен? Себебі көпшілік өз идеясының бағасын білмейді немесе оны жүзеге асыруға баатылы жетпейді. Ал егер әр адам өз идеясын жобалық түрде іске асырып, басқалармен бөліссе, қоғамда қаншама өзекті мәселе шешілер еді! «Идеядан нәтижеге» дейінгі жол – сенім, еңбек және табандылық жолы. Егер сенде тың ой, ерекше көзқарас болса – оны жасырып қалма. Жобамен бөліс! Себебі сенің идеяң – өзгелерге шабыт, ал қоғамға – өзгеріс әкелуі мүмкін құрметті оқырман.

Гүлнұр ИХСАНҒАЛИЕВА, Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының библиографы. Ақтөбе қаласы.

ТҰМАУДЫ ЕЛЕМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ!

Тұмау –бұл ауа – тамшы жолымен таралатын жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін инфекциялық ауру. Тұмаудың инфекция көз і - на-уқас адам. Жөтелу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адам айналасындағыларға инфекцияны жұқтырады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тыныс алу жолына түсуіне жол бермеу үшін қолдарды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзе-гін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке тарту - тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді. Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күн-ге дейін, орта есеппен 2 күнді құрады. Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзі білінбейді. Инкубация кезеңінен кейін аурудың көріністері пайда болады: 1. Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарына пайда болады. Қатты қызба, температура 40°С-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады. 2. Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін. 3. Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жыбырлауы – аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері. 4. Бірнеше күннен кейін мұрынның ағуы, жөтел пайда болады. Бірте-бірте жөтел ылғалды бөліп қақырық шыға бастайды. Тұмауға қарсы тиімді әдіс – вакцинация. Өз уақытында вакцинациялану тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың ұзақтығын қысқартады және асқинулардың алдын алады. Вакцинациядан басқа, ағзаның қорғанысын арттыру ұсынылады: дене шынықтырумен айналысу, дұрыс тамақтану, демалу және витаминді –минералды кешендерді пайдалану. Сондай-ақ, тұмауға ұқсас симптомдары бар адамдармен тығыз байланыста болмау, бөлмені жиі желдету, шамадан тыс тоңу және қызып кетуден аулақ болу. Тұмаумен ауырған кезде, үйде қалып дөрігерді шақырту керек. Отбасының басқа мүшелерімен барынша байланысқа түспеу, медициналық бетперде киіп, жеке гигиена ережелерін сақтау керек. Бұл басқаларға зиян келтірмеу үшін және вирустың инфекцияны таратпау үшін қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ТӘТТІ СУСЫННЫҢ АШЫ ЗАРДАҒЫ



Газдалған сусындардың денсаулыққа зиянды екенін барлығы біледі. Газдалған су - бұл сусынның жақсы сақталуы үшін консервант ретінде қолданылатын көмірқышқыл газымен қаныққан минералды немесе хош иісті тәттілендірілген судан жасалған алкоғолсіз сусын. Газдалған сусындардың құрамы сыртқа жапсырмаларда көрсетілген және тұтынушы үшін құпия емес – бояғыштар, химиялық қоспалар, тұрақтандырғыштар, қышқылдар, консерванттар, көмірқышқыл газы және су. Көбінесе адамдар осы дәмді, тәтті сусындарды шамадан тыс тұтынудың салдары неге әкеліп соғатынын толық түсінбейді. Қанттың қауіптілігі оның мөлшерінде, сондықтан бір стакан сусынның құрамында 5 ас қасық қант бар. Газдалған сусынды үнемі және шамадан тыс тұтыну салмақ пен семіздікке әкелетіні дәлелденді. Мұның себебі-дәмді және тәтті болу үшін сусындарға қосылатын қанттың шамадан тыс көп болуы. Тәтті газдалған сусындарды ұнататындарға семіздік қана емес, қант диабетінің дамуы да қауіп төндірүі мүмкін. Газдалған сусынды үнемі тұтынудың әсері тіс эмальын ерітеді, бұл кариестің дамуына әкеледі, гастрит, уролития және бүйрек коликасын тудырады.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының зейнеткері, әріптесіміз **Ертілеуов Амангелді Тілепұлының** дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1195 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«КІТАППЕН ЖҮРЕТІН ЖОЛ» | САҒЫЗДЫҢ БОЙЫ - ЕҢ ЖАЙЛАУ



Ойыл аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі облыстық «Үздік кітап көрмесі» байқауында II орын иеленді. Біздің ерекше кітап көрмеміз – «KitapStreet: Кітаппен жүретін жол» деп аталды. «KitapStreet: Кітаппен жүретін жол» көрмесі төрт әдеби көшемен безендірілді. **ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ** көшесі – өзін-өзі тануға, өсуге бағыттайтын психологиялық кітаптармен;

СЕЗІМДЕР көшесі – махаббат пен өмірдің нәзік қырын бейнелейтін туындылармен; **ӨТКЕНГЕ ОРАЛУ** көшесі – тарихтың тереңіне жетелейтін еңбектермен; **ҒАЖАЙЫП ӨЛЕМ** көшесі – қиял мен фантастикаға толы шығармалармен толықты. Әр көше – оқырманды жаңа әлемге жетелейтін кітап жолы болды.

ОЙЫЛДЫҢ ШАРУАЛАРЫ

Ақтөбеде өз өміміздің ұрпағы

Ақтөбеде демалыс сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілуде. Бұл жолы Мәртөк пен Ойыл аудандарынан келген тауар өндірушілер және қала кәсіпкерлері өз өнімдерін ұсынды. Сауда сөрелеріне жалпы көлемі 2,5 тонна ет және 0,5 тонна сүт өнімі, 2 тонна көкөніс шығарылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңкедегі бағалар нарықтағыдан 15–20 пайызға төмен. Бұл қала тұрғындары мен қонақтарына сапалы, табиғи таза өнімдерді қолжетімді бағамен алуға мүмкіндік беріп отыр. «Аталған жәрмеңкелер 2025 жылдың 27 желтоқсаны-

на дейін әр сенбі сайын өткізіледі. Мұндай шаралар жергілікті өндірушілердің өнімдерін тікелей тұтынушыға жеткізуіне жол ашады», — дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері. Басқарма мәліметінше, жәрмеңке өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, баға тұрақтандыруға және отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған. Айта кетейік, Ақтөбе облысында дәстүрлі түрде күз-қыс маусымында ұйымдастырылып келе жатқан мұндай жәрмеңкелер тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие.

«КҮЗ АРУЫ – 2025» ҚИЯЛҒА ҚАНАТ БІТКЕН КҮНІ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ДӘСТҮРЛІ «КҮЗ АРУЫ – 2025» АТТЫ АУДАНДЫҚ БАЙҚАУ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ӨТТІ. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН, ШЕБЕРЛІГІН, ӨНЕРІН ЖӨНЕ БІЛІМІН БАҒАЛАУ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӨРІПТЕУ, БАЛАЛАРДЫ ІЗДЕНІСКЕ, ҰҚЫПТЫЛЫҚҚА ЖӨНЕ ЖАУАП-КЕРШІЛІККЕ БАУЛУ БОЛДЫ.



Шараға ауданға қарасты ауылдық мектептердің 5–7-сынып оқушылары қатысып, өз таланттарын түрлі бағытта көрсетті. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы «Кел, танысайық!» турында әр қатысушы өзін ерекше түрде таныстырса, «Күз сыйы» турында табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын таныстырып және бейнебаян арқылы жарнамалады. «Өнер сайысында» — ән айту, би билеу, көркемсөз оқу сынды өнер түрлерін орындаса, «Күз береке, күз мереке» — туында күз туралы өлең оқу және тақырыпқа сай сурет салудан сайысты. Ал, «Әсем біздің арулар» сайысында арулар күзгі сән үлгісін көрсетсе, «Үй тапсырмасы» турында күзгі тағамдардан ас мәзірін әзір-

леді. Қатысушылардың өнерін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі мен білім бөлімінің өкілдері, музыка және өнер саласының мамандары әділ бағалады. Байқау нәтижесінде «Күз аруы – 2025» бас жүлдесін иеленген қатысушы 40 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар, I орын иегері – 30 000 теңге, II орын – 20 000 теңге, III орын – 15 000 теңге және ынталандыру сыйлықтары табысталды. «Күз аруы – 2025» байқауы қатысушылардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, эстетикалық талғамын арттырған, өнер мен сұлулық тоғысқан мәнді де, мазмұнды шара ретінде есте қалды.

ӨРКІМГЕ ӨЗІНІҢ ТУЫП-ӨСКЕН АТА МЕКЕНІ, КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ТУҒАН ЖЕРІ ҚЫМБАТ. ӨРБІР ОТБАСЫНЫҢ ӨМІРІ, ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ, БАҚЫТ ПЕН ҚУАНЫШЫ ТУҒАН ЖЕРІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ «ӨРКІМНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ – МЫСЫР ШАҒАРЫ» ДЕУІ ТЕГІН ЕМЕС.

Мен үшін сондай қастерлі өлке – әкемнің кіндік қаны тамған туған жерім, Сағыз ауылы. Көпшілік бұл ауылды біле бермейді. «Ауылым – Сағыз» десең, кей адамдар таңырқай қарайды. Ендеше, мен сол киелі мекен – Сағыз ауылы туралы айтып өтейін. Сағыз кенті бұрын Қарақияқты деп аталған. Бұл өңірді ел ертеден қоныстанған. Ол Маңғыстау өңіріндегі адайлардың жазғы жайлауы болған. Кейіннен азғана адайлар көшіп-қонғанымен, жер өңдеушілер серіктестігі мен артельдер құрылған кезде, яғни 1920 жылдардан бастап ел тұрақтап қоныстана бастаған. Сағыз округі құрамына төрт ауыл кіреді: Сағыз, Былқылдақты, Кенбай және Қоңыраулы. Оның жалпы аумағы шамамен 4658 шаршы шақырым. 2021 жылғы мәліметтер-

ге қарағанда, округ халқы 7 мыңнан аса адамды құрайды. Сағыз ауылының өзінде соңғы онжылдықтарда халық саны айтарлықтай өсіп, елді мекеннің әлеуметтік өмірі жандана түскен. Сағыз өңірі мал шаруашылығына өте қолайлы өлке. Мұнда қой, ешкі, жылқы, түйе және ірі қара мал өсіріледі. Халық дәстүрлі түрде ет, сүт, жүн өндірумен айналысып, тұрмысын қамтамасыз етеді. Кей ауылдарда картоп және көкөніс егу ісі де жолға қойылған. Ауыз су мәселесі ауыл тарихында айрықша орын алады. 1938–1966 жылдары су Шұбарқұдық бекетінен теміржол арқылы тасымалданса, 1966 жылдан бастап Ноғайты бекетінен ұзындығы 47 шақырымдық су құбыры тартылып, ауыл тұрғындары ауыз сумен қамтамасыз етіл-

ді. Мен жыл сайын жазғы демалыста Сағыз ауылына барып, туған жердің табиғатын сезінуді дәстүрге айналдырдым. Әр барған сайын ауылдың тынысы мен адамдардың өмірі мені ерекше әсерге бөлейді. Таңертең ерте күн сәулесі даланы алтын түске бояп, алыстан естілген малдың мәңгіреген дауысы мен ит үрген үні ауыл өмірінің ырғағын сездіреді. Өзен бойында асыр салып жүрген балалардың күлкісі, ат тұяғының дүбірі мен самал желдің сарыны — бәрі бір үлкен өмірдің бейнесіндей. Кешке қарай ауыл адамдары су Шұбарқұдық басында жиналып, әңгіме-дүкен құрып, қымыз ұсынады. Сол сәттерде мен ауылдың жылулығын, адамдардың ақ көңіл, мейірімді болмысын сезінемін. Сағыз маған тек бір мекен

емес, өзімнің түп тамырым, халқымның рухы мен салт-дәстүрі сақталған киелі жер болып көрінеді. Сағыз — қазақ даласындағы шағын ауылдардың бірі ғана емес, тарихы терең, табиғаты бай, халқы еңбекқор мекен. Ол өз тұрғындары үшін де, жалпы қазақ елі үшін де қымбат қазына. Туған жердің топырағы — әр адамның жүрегіндегі мәңгілік сағыныш пен мақтаныш. Егер жолыңыз түссе, осы бір киелі өлкені өз көзіңізбен көріп, табиғатын тамашалап, қонақжай халқымен жүздесіп қайтыңыз. Сағыздың сайын даласы мен жаны жайсаң халқы әр келген қонақтың жүрегінде ұмытылмас әсер қалдырады.

Назәрке АМАНҚҰЛОВА,
Алматы қаласындағы №122
жалпы білім беретін мектептің
түлегі.

КҮЗ. АУЫЛ

Не деген ғажайып күз?! Десе де, баққа келер азыпты із... Алтын қалам ұстатты қолымызға Бұйырған бір өлеңді жазайық біз. Тып-тыныш тербеледі бесігінде Ой, Күрсінген кім дейсің бе? Есілім ғой... Табиғат жазып кеткен бәрін-бәрін Біздікі тек айнытпай көшіру ғой. Мол-момын, маужыраған бақтарым-ай, Басында тұрмас дәйім Бақ та бұлай... Өнебір жапырақ тұр үзілгелі Мен емес шығармын, ә? Сақта, Құдай! *** Жаңбыр ғана шаяр деп мына шерді, Содан ақыл берді ме, мұң әсерлі. ... Мені-дағы көп достар сатып кетті,

Өлгем жоқ қой, (жылағам, рас, енді...). Мөлдір бұлттан пәренжі жамылды Ай да, Шаршады ғой... аспан сәп дамылдай ма? "Жылама енді, сұртқын деп, көз жасыңды" Ақыл айтар күзге ешкім табылмай ма? Мен-ақ ақыл айтар ем, түсін, бірақ... Біреу алып кеткендей күшімді нақ. Айқайлаймын, дауысым шығар емес, Тұр, өйткені, менің де ішім жылап. Көңілдің көп бояуы оңар шерден, Бізге-дағы көп адам болар сенген. Сол сенімнен шығайық, жылама, Күз, ... Алдыменен сен тоқта, содан соң мен. ***

Өңменіңнен өтердей қара суық Күшейгенін түс ауа, қарашы, ұлып. Поштабайы секілді күз-болыстың Өлденені жел іздер аласұрып. Қамшы сілтеп, долы жел ысқырады. Жер-жаһанды қуырып, тықсырады. (Өмір осы: дәурені жүрген кезде Өлді біткен әлсізге күш қылады). Сезінердей өздерін жарты құдай Әй, мына, қарғалардың қарқылын-ай. Көмір сатқан көрші шал шіренеді Көтерілмес жазда оның нарқы бұлай. Талды шауып бітірген (отын делік) Аңырды ел «тоғайдың» шетін көріп... Кедей үйге қи бермес, тағдыр кейде Ұлы Абайдың жеңгесі секілденіп. Қараша үйдің мұржасы түтіндейді,

Қара шал осыған бек шүкір дейді. Келіні нән сандықтың аузын ашып, Қыс киімін баланың бүтіндейді. Жолыққандай даланың қасқырына Жауатандайды бір ағам бастығына. Жаңбыр асты қалдырмай жиып алса, Биыл бітік шықты елдің астығы да. Бастамасын, қараша, көп кесірге Қара бұлт кеп қаһарын төкпесін бек. Түні бойы төпелеп жаңбыр жауып, Соңы оның қарға ұласып кетпесін де. Малға әйтеуір ие бар кетсе де ықтап, Ит-құс шауып кетпесін, тек сеніп қап. Мұндай күні тезірек үйге жетіп Етке тойып, содан соң кетсең ұйықтап... **Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ**

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» КЛУБЫ - ҮЛГІЛІ АТА-АНА, САНАЛЫ ҰРПАК КЕПІЛІ

ЗАМАНАУИ БАЛАНЫ ТЕК БІЛІММЕН ҒАНА ЕМЕС, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН, ЕҢБЕК ПЕН ТӨРТІПКЕ ҮЙРЕТЕ ОТЫРЫП, ӨМІР ҚАУІПСІЗІДІГІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ — ӨРБІР АТА-АНАНЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ. ОСЫ МАҚСАТТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ ЖАНЫНДАҒЫ «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» АТА-АНАЛАР КЛУБЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӨРІПТЕП, ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН АЛАҢ.

Клубтың алғашқы отырысында үлгілі ата мен әже және жас әке мен аналар өздерінің бала тәрбиесіндегі әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесе өзекті сұрақтарды талдады. Бірлесіп шешімін табу жолдарын қарастырды. Соның ішінде көпшіліктің көңілінен шыққан үлгі — немерелерінің сабаққа деген ынтасын арттыру үшін телефон қолдану тәртібін енгізген әженің тәжірибесі болды. Сонымен қатар, жас әке өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Ол жазғы мезгілде балаларына жиналмалы бассейн (500м) алып беріп, суға жүзуді үйретіп, сонымен қатар өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға ерекше көңіл бөлген. Ауылдың басқа балаларына да бассейнге келуге мүмкіндік

жасап, балалардың арасындағы достық қарым-қатынасын нығайтуға ықпал еткен. Бұдан бөлек, бассейннің айналасына қияр егіп, балаларын шағын еңбекке тартып, еңбек пен кәсіптің маңызын түсінуге жол ашқан. Балалар өздері күтіп-баптаған қиярды жинап, шағын табыс көзіне айналдыруды үйренуде. Бұл — олардың жауапкершілігін арттыруға және еңбекке баулуға үлкен үлес қосқан бастама. Сондай-ақ жас әке кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруда үлгі болып, күн сайын 15 беттен одатты, жылына 20 кітап оқуды ескерте айналады. Бұл арқылы ол балаларға ең жақсы тәрбие — ата-ананың жеке енегесі екенін іс жүзінде көрсетіп отыр. «Бақытты отбасы» клубының басты мақсаты — осындай

озық тәжірибелерді бөлісу арқылы ата-аналардың бала қауіпсіздігі мен психологиялық денсаулығы үшін басты жауапкершілігін арттыру, отбасындағы әке-ана рөлін нығайту және саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу. Бала мен ата-ананың менталды денсаулығын жақсарту мақсатында ауданымыздағы «Оқушылар үйі» ғимаратында ағымдағы жылдың 1 қазан күнінен бастап психологиялық кабинет ашылды. Мұнда бала мен жасөспірімдерге, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық консультация және қолдау көрсету қызметі тегін жүргізіледі. Психологиялық консультацияға тіркелу үшін 8 705 861 2392 байланыс нөміріне хабарласыңыз. **ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ:** Бала тәрбиесінде ең маңыз-

дысы — ата-ананың өз іс-әрекетімен үлгі болуы. Бала ата-анасының сөзінен гөрі, күнделікті жасаған ісін тез қабылдайды. Сондықтан отбасыда жылы атмосфера қалыптастыру, бірлесіп еңбек ету, спортпен шұғылдану және кітап оқуға уақыт бөлу — баланың тұлғалық дамуының негізі болып табылады. Смартфондар мен гаджеттерді шектеу мен тиімді уақыт кестесін қалыптастыру да баланың зейінін арттырып, төртпінке үйретуге көмектеседі. Ең бастысы — баламен сапалы уақыт өткізу, оған көңіл бөлу және сенімді қарым-қатынас орнату. Бақытты бала — бақытты отбасынан басталады.

С. БАЙДУАШОВА,
Ойыл аудандық білім бөлімінің әдіскері, психолог.

2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Асылбаев Ерлан Базарбайұлы, Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Қазан- 1,8,15,22,29 Қараша – 5,12,19,26 Желтоқсан – 3,10,17,24,31 Уақыты сағ- 10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай селосы, Мәңгілік ел көшесі №20	74-5-11